

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

7M01601-Тарих



АҚТӨБЕ, 2025

**Қ.ЖУБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті
ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ**



**«БЕКІТЕМІН»
Факультет деканы
Абдуллина А.Г.**

30.01.2025 ж

2025-2026 оқу жылына арналған

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**Ақтөбе
2025**

Элективті пәндер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Тарих факультетінің кеңесінде бекітілді (№6 хаттама, 30.01.2025 ж.).

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ЖАСАҚТАУДЫҢ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

1. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген. (23.07.2021г жылғы №362 өзгертулермен және толықтырулармен).
2. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі. ҚР БЖҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген (06.05.2021 жылғы №207 өзгертулермен және толықтырулармен).
3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚРБЖҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (29.12.2021 жылғы №614 өзгертулермен және толықтырулармен).
4. ҚР МЖМБС. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудің оқу пәндерін кодтау жүйесі (ҚРМЖМБС.5.05.001-2005).
5. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңестің шешімдері.
6. Элективті пәндер каталогының ережесі (Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, 2020 ж.).

ТҮСІНІК ХАТ

Элективті пәндер каталогы (ЭМК) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Академиялық сапаны арттыру департаментінде жасақталды.

Мамандықтар бойынша Типтік оқужоспарларында студенттерге жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің міндетті компоненттерімен қатар таңдау компоненттерінің ауқымы ұсынылады. Каталог білім беру траекториясын анықтауда маңызды құжат болып табылады.

Құрметті студент!

Каталогта Жалпы білім беру (ЖБП), Базалық (БП) және Кәсіптендіру (КП) пәндері циклындағы таңдау компоненттері жинақталған. Сонымен қатар, пәндерді колданудың бірыңғай жүйесі сақтала отырып, әр таңдау пәнінің шифрі, мақсаты, пререквизиттері мен постреквизиттері, пәннің қысқаша мазмұны, пәнді оқып- меңгеруге бөлінген кредит мөлшері мен оқу семестрі және Дублиндік дескрипторлар мен күтілетін нәтижелер көрсетілген.

Каталог Сізге пәндерге қатысты қажетті мәлімет алуыңызға және өзіңіздің жеке оқу жоспарыңызды дұрыс құруыңызға көмегін тигізеді. Пәндерді таңдау кезінде факультет деканатынан немесе эдвайзерден көмек сұрауыңызға болады.

Сәттілік тілейміз!

1 курс
7M01601 – Тарих білім беру бағдарламасы
(ғылыми-педагогикалық бағыт)

Түскен жылы 2025 ж.

Цикл/ компонент	Пәннің коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны КР/ECTS	
Базалық пәндер					
Модуль 1. Жалпы білім беретін пәндер (15 академиялық кредит)					
БП ЖК	GTF 5201	Ғылым тарихы мен философиясы	1	3/3	
БП ЖК	ShT(K) 5202	Шет тілі (кәсіби)	1	3/3	
БП ЖК	ZhMP 5203	Жоғары мектептің педагогикасы	1	3/3	
БП ЖК	BP 5204	Басқару психологиясы	1	3/3	
БП ЖК	GZUZh 5205	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	1	3/3	
Модуль 2.1 – Тарихты оқыту әдістемесі және әлем тарихының іргелі мәселелері (20 академиялық кредит)					
БП ТК	TBPZh 5206	Тарихи білімдегі педагогикалық жобалау	1	5/5	
БП ТК	ATIMZhK 5207	Әлем тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас	2	5/5	
Модуль 2.2 – ЖОО-да тарихты оқыту және қазіргі заман тарихының өзекті мәселелері (20 академиялық кредит)					
БП ТК	ZhOOTOIA 5206	ЖОО тарихты оқытудағы инновациялық әдістер	1	5/5	
БП ТК	KZhTOM 5207	Қазіргі заман тарихының өзекті мәселелері	2	5/5	
Модуль 3.1 – Архив деректерімен жұмыс және әлем тарихының іргелі мәселелері (30 академиялық кредит)					
БП ТК	APKKS 5208	АҚШ-тың посткеңестік кеңістіктегі қазіргі саясаты	2	5/5	
Модуль 3.2 – Архивтану және әлем тарихының өзекті мәселелері (30 академиялық кредит)					
БП ТК	ZhKAKU 5208	Жаһандану және қазіргі әлемдегі көші-қон үдерістері	2	5/5	
Кәсіптендіру пәндері					
Модуль 2.1 – Тарихты оқыту әдістемесі және әлем тарихының іргелі мәселелері (20 академиялық кредит)					
КП ЖК	ZhTPOA 5301	ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесі	1	5/5	
КП ЖК	ZhKZTOZhA K 5302	Жаңа және қазіргі заман тарихын оқытудағы жаңа әдістер мен көзқарастар	2	4/4	
Модуль 2.2 – ЖОО-да тарихты оқыту және қазіргі заман тарихының өзекті мәселелері (20 академиялық кредит)					
КП ЖК	ZhTPOA 5301	ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесі	1	5/5	
КП ЖК	ZhKZTOZhA K 5302	Жаңа және қазіргі заман тарихын оқытудағы жаңа әдістер мен көзқарастар	2	4/4	
Модуль 3.1 – Архив деректерімен жұмыс және әлем тарихының іргелі мәселелері (30 академиялық кредит)					
КП ЖК	ADZhZhA 5303	Архив деректерімен жұмыс жасау әдістемесі	2	5/5	
Модуль 3.2 – Архивтану және әлем тарихының өзекті мәселелері					

(30 академиялық кредит)					
КП ЖК	ADZhZhA 5303	Архив деректерімен жұмыс жасау әдістемесі	2	5/5	

Базалық пәндер
Модуль 1. Жалпы білім беретін пәндер (15 академиялық кредит)

Дублин дискрипторлары:	A) B) C) D) E)
Пәннің атауы:	Ғылым тарихы мен философиясы
Пән коды:	GTF 5201
Кредит саны:	3/3
Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Сәрсембин Ү.Қ.
Курстың оқыту мақсаты:	«Ғылым тарихы және философиясы» атты пәнді оқытудағы мақсат ғылыми білімнің құрылымын, ғылыми зерттеулердің түрлері мен негізгі әдістерін үйрету, дүниетанымдық көзқарасты кеңейту, ғылымның қоғам дамуындағы алатын орнын түсіндіру болып табылады. Соның ішінде қазіргі ғылымның әдіс-тәсілдерін білу ғылыми шығармашылықты үйренуде қажет міндеттің бірі болып есептеледі. Осыған орай магистрант өзінің кәсіби қызметін жетілдіруде оқып үйренетін дүниетанымдық, философиялық, танымдық, логикалық және әдістемелік білімдерді иеленумен қатар ғылыми зерттеу дағдыларын да меңгеруі тиіс
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Жоғары оқу орнында білім алушы магистрант «Ғылым тарихы және философиясы» курсына оқу барысында, болашақ маман және кәсіби ғалым ретінде шығармашылық ойлау мәдениетін толық меңгеруге дағдыланады. Ғылымның тарихы мен қалыптасу ерекшеліктерін, мәдениеттегі философияның рөлін, ғылыми танымның әдіс-тәсілдерін үйренеді. Қазіргі ғылымның даму ерекшеліктерін, жаңа ғылым түрлерін дамыту бағытындағы мемлекет саясатының өміршендігін түсінеді. Сонымен қатар курс бойынша оқылатын негізгі тақырыптар жас ғалымдардың кәсіби деңгейін қалыптастыруға көмектеседі.
Пререквизиттері:	Бакалавриат деңгейіндегі курстар
Постреквизиттері:	Әлем тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас, Отан тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):	A) Ғылымның қалыптасу тарихы мен философиясы, соның ішінде ғылыми танымның құрылымы мен қызметтері, ғылыми зерттеудің әдістері жайында алған

	білімдерін кәсіби салада қолданады; В) Қазіргі уағытта қалыптасып жатқан ғылымның жаңа бағыттарын біледі, осы мақсатта отандық ғылымның дамуына қажетті жаңа тәжірибелерді қалыптастыру қабілетіне ие; С) Жалпыадамзаттық мәдениет және ұлттық ерекшеліктер жетістіктері негізіндегі қызмет тәжірибесі мен танымын игерген, өз халқының мәдениетін және әлемнің мәдени көпалуандылығын бағалайды; рухани келісім және толеранттылық идеяларын қолдайды; D) Педагогикалық қызметке деген жоғары мотивациясы бар және өзбетінше білім алуға және өзін-өзі тануға ұмтылады; E) Басқарушылық және көшбасшылық қабілеттерді қалыптастырады: сыни ойлау, шығармашылық ұстаным, инновациялық көзқарастар жасақтау және кез-келген өмірлік жағдайда шешімдер қабылдау дағдыларын меңгерген.
--	---

Дублин дискрипторлары:	A) B) C) D) E)
Пәннің атауы:	Шет тілі (кәсіби)
Пән коды:	ShT(K) 5202
Кредит саны:	3/3
Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Кузембаева А.
Курстың оқыту мақсаты:	Курстың мақсаты – магистранттарда ағылшын тілі бойынша білімдерін жетілдіру және кеңейту болып табылады.
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Халықаралық деңгейде кәсіби салаға кірігу үшін шет тілін меңгеру дағдыларын қалыптастыру, ағылшын тілін мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану, сонымен қатар шетел ғалымдарының ғылыми еңбектерін аудару үшін, аударматану және мәдениетаралық коммуникация саласындағы шетелдік тәжірибені дамыту, кәсіби қызметте қолданылатын ақпаратты ауызша және жазбаша түрде аудару дағдыларын жетілдіру.
Пререквизиттері:	Бакалавриат деңгейіндегі шет тілі курсы
Постреквизиттері:	Жаңа және қазіргі заман тарихын оқытудағы жаңа әдістер мен көзқарастар, Әлем тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):	A) Шет тілін біліп, түсінетіндігін көрсетеді; B) Іс жүзінде білімі мен оқу қабілетін қолдана біледі; мамандығы бойынша әдебиеттерді конспектілей алады; C) Шет тілінде академиялық жазу және ауызша

	сөйлеу дағдыларын меңгерген; D) Педагогикалық қызметке деген жоғары мотивациясы бар және өзбетінше білім алуға және өзін-өзі тануға ұмтылады; E) Басқарушылық және көшбасшылық қабілеттерді қалыптастырады: сыни ойлау, шығармашылық ұстаным, инновациялық көзқарастар жасақтау және кез-келген өмірлік жағдайда шешімдер қабылдау дағдыларын меңгерген.
--	--

Дублин дискрипторлары:	A) B) C) D) E)
Пәннің атауы:	Жоғары мектептің педагогикасы
Пән коды:	ZhMP 5203
Кредит саны:	3/3
Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Тоғайбаева А.К.
Курстың оқыту мақсаты:	Курстың мақсаты – магистранттарға жоғары мектептің педагогикасы туралы білімдер беру, педагогика туралы білімдерін кеңейту болып табылады.
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Жоғары кәсіби білім берудің теориялық және практикалық мәселелері. Жоғары оқу орындарының педагогикасы білім беру заңдылықтары мен принциптері, жоғары кәсіби білім беру құралдары мен әдістері туралы білімнің дамуын зерттейді. Пәнді меңгеру нәтижесінде магистранттар Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің дамуын, оның негізгі міндеттерін біледі. Сонымен қатар педагогикалық процесті басқарудың ғылыми аспектілері және заманауи педагогикалық технологияларды қолдану туралы білімдері қалыптасады.
Пререквизиттері:	Бакалавриат деңгейіндегі курстар
Постреквизиттері:	ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесі, Тарихи білімдегі педагогикалық жобалау.
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):	A) Қазіргі педагогикалық антропология, жоғары кәсіби педагогтардың тәжірибелерін зерттеу, жалпылау, тарату және қолдану икемділіктері мен дағдыларын меңгерген; B) Оқу және тәрбие үдерісін ұйымдастырады, педагогикалық үдерісті жоспарлайды және басқарады; C) Педагогикалық қызметтің қорытындысын диагностикалаиды, болжау және түзету дағдыларын меңгерген; D) Педагогикалық міндеттерді шешуде әртүрлі пәндік салалардан білімді интеграциялау, әлеуметтік серіктестік пен педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетті болу біліктері мен дағдыларын меңгерген; E)

	Педагогикалық қызметке деген жоғары мотивациясы бар және өзбетінше білім алуға және өзін-өзі тануға ұмтылады.
--	---

Дублин дискрипторлары:	A) B) C) D) E)
Пәннің атауы:	Басқару психологиясы
Пән коды:	BP 5204
Кредит саны:	3/3
Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Токжанова А.М.
Курстың оқыту мақсаты:	Магистранттарда психология туралы білімдерін кеңейту, оларды қазіргі жағдайда ұйымдарды басқару мәселелерін шешуде психологиялық білімдерін пайдалануға үйрету.
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Психологияның пәнаралық қолданбалы саласы, оның негізгі міндеті психологиялық білім мен теорияларға негізделген басқарушылық қызмет мәселелерін зерттеу және шешу болып табылады. Пән басқару процесін ұйымдастырудың психологиялық заңдылықтарын және осы процесте адамдар арасында пайда болатын қатынастарды зерттейді және реттейді. Басқарушылық қызметтің заңдылықтары, принциптері, әдістері қарастырылады: басқарушылық қызметтің ерекшеліктері мен психологиялық жағдайлары талданады
Пререквизиттері:	Бакалавриат деңгейіндегі курстар
Постреквизиттері:	ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесі, Білім берудегі көшбасшылық.
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):	A) Психология саласындағы білімдерді, жоғары кәсіби педагогтардың тәжірибелерін зерттеу, жалпылау, тарату және қолдану икемділіктері мен дағдыларын меңгерген; B) Басқару үдерісінің психологиялық заңдылықтарын біледі; C) Басқарушылық және көшбасшылық қабілеттерді қалыптастырады: сыни ойлау, шығармашылық ұстаным, инновациялық көзқарастар жасақтау және кез-келген өмірлік жағдайда шешімдер қабылдау дағдыларын меңгерген; D) Педагогикалық қызметке деген жоғары мотивациясы бар және өзбетінше білім алуға және өзін-өзі тануға ұмтылады; E) Оқу және тәрбие үдерісін ұйымдастырады, педагогикалық үдерісті жоспарлайды және басқарады.

Дублин дискрипторлары:	A) B) C) D) E)
Пәннің атауы:	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау

Пән коды:	GZUZh 5205
Кредит саны:	3/3
Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Исимов А.М.
Курстың оқыту мақсаты:	Курстың мақсаты – магистранттарда ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау бойынша білімдерін, икемділік-дағдыларын кеңейту болып табылады.
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Пән мазмұны зерттеу әдістемесі, ҒЗТҚЖ, ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі құрамдас бөліктері, авторлық құқық құжаттарын рәсімдеу, зерттеу жоспарының жаңашылдығы, жобаның өмірлік циклі мен құнын бағалау, идеяларды таңдау критерийлері мен сапасын анықтау дағдыларын қалыптастырады және іс жүзінде тиімді қолдану іскерліктерін меңгертеді. Оқу пәні білім алушылардың жасанды интеллектіні зерттеу барысында көмекші ресурс ретінде тиімді пайдаланып, зерттеу мүмкіндіктерін кеңейту үшін қажетті дағдылар мен біліктерді қалыптастырады.
Пререквизиттері:	Бакалавриат деңгейіндегі курстар
Постреквизиттері:	Архив деректерімен жұмыс жасау әдістемесі, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және күзіреттілік):	А) Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау бойынша білімдерді, икемділік-дағдыларды меңгерген; В) Тарихи оқиғаларды талдайды, ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында методологиялық көзқарастарды, принциптерді ажырата біледі; С) Зерттеудің жалпы ғылыми, арнайы тарихи әдістерін қолданады; D) Тарихи деректермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін, ғылыми зерттеуде архивтік-ақпараттық технологияларды және жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданады; Е) Түрлі тарихнамалық мектептердің тұжырымдамаларын сыни тұрғыда қабылдайды, батыстық тарихнама теорияларымен таныс.

Модуль 2.1 – Тарихты оқыту әдістемесі және әлем тарихының іргелі мәселелері (20 академиялық кредит)

Дублин дискрипторлары:	A) B) C) D) E)
Пәннің атауы:	Тарихи білімдегі педагогикалық жобалау
Пән коды:	TBPZh 5206
Кредит саны:	5/5

Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Перевезенцев А.Л.
Курстың оқыту мақсаты:	Курстың мақсаты-магистранттардың қазіргі заманғы тарихи білім беру саласындағы кәсіби-педагогикалық қызметтің ерекше, инновациялық түрі ретінде жобалаудың ғылыми-практикалық негіздері туралы түсініктерін кеңейту.
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Курста жобалық іс-әрекет педагогикалық шынайылықты өзгерту, инновацияларды енгізу, тарихи білімдегі білім беру үдерісі субъектілерінің жеке және кәсіби өсуін қамтамасыз ету құралы ретінде талданады. Тарихи білім беру мазмұнын жобалаудың әдістемелік аспектілері, бағдарламалар, оқу жоспарлары, педагогикалық технологиялар, оқу сабақтары қарастырылған. Педагогикалық жобалардың мазмұнына, құрылымына қойылатын талаптар және оларды практикалық жүзеге асыру ұсыныстары беріледі.
Пререквизиттері:	«Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы», «Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы», «Академиялық жазу»
Постреквизиттері:	«Жаңа және қазіргі заман тарихын оқытудағы жаңа әдістер мен көзқарастар», «Әлем тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас»
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):	А) Курсты оқу нәтижесінде магистрант педагогикалық жобалау тарихы, терминологиясы, типологиясы және жобалар құрылымы бойынша білім алады; В) Жобалық іс-әрекет дағдыларын, педагогикалық жобалау әдістемесін меңгерген, білімді практикада қолдана біледі; С) Ақпарат көздерімен жұмыс істей алады, жобалау қызметіне басшылық жасай алады, оқу материалының құрамдас бөліктерін жіктей және жүйелей алады; D) Оқу бағдарламаларын, жоспарларды, педагогикалық технологияларды, оқу жобаларын дайындау; эссе, баяндама, ғылыми мақалалар жазу әдістемесін меңгерген; E) Материалдың маңыздылығын бағалай алады, өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылады, тарихи білім беру саласындағы педагогикалық жобаны бағалауға, рефлексивті талдауға қабілетті.

Дублин дискрипторлары:	A) B) C) D) E)
Пәннің атауы:	Әлем тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша

	көзқарас
Пән коды:	АТІМZhK 5207
Кредит саны:	5/5
Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Купенова Г.Ы.
Курстың оқыту мақсаты:	Дүниежүзі тарихының негізгі мәселелерін зерттеудің жаңа концептуальдық принциптерін қарастыру болып табылады.
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Магистранттар әлем тарихының іргелі мәселелерін зерттеудегі жаңа концептуалдық көзқарастармен, историософияның негізгі категориялық аппаратымен, тарихи динамика, тарихтың құрылымы, қозғалысы, мәні туралы мәселелермен танысады; шетелдердің әлеуметтік-экономикалық, саяси, конституциялық-құқықтық даму тарихының іргелі мәселелерін ой елегінен өткізудің жаңа концептуалдық негіздері, адамның тарихи дәуірлерде өмір сүруінің іргетасы болып табылатын негізгі құндылықтардың эволюциясы туралы білімдерін жүйелейді.
Пререквизиттері:	Ғылым тарихы мен философиясы, Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау.
Постреквизиттері:	Отан тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас, Ресей империясының Орталық Азиядағы саясаты.
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):	А) Әлемнің ғылыми бейнесі, дүниежүзі және отан тарихының өзекті мәселелері туралы білімі мен түсініктерін көрсету; В) Әлем тарихы мен жаһандық, этнодемографиялық, миграциялық үдерістердің тарихи жағдайларын қарастырады; С) Жалпыадмзаттық мәдениет және ұлттық ерекшеліктер жетістіктері негізіндегі қызмет тәжірибесін қолдана біледі; D) Өз халқының мәдениетін және әлемнің мәдени көпалуандығын бағалайды; Е) Ойлау мәдениетін иеленеді, жалпылауға, талдауға, мақсат қоюға және оған жету жолдарын таңдауға қабілетті.

**Модуль 2.2 – ЖОО-да тарихты оқыту және қазіргі заман тарихының өзекті мәселелері
(20 академиялық кредит)**

Дублин дискрипторлары:	А) В) С) D) E)
Пәннің атауы:	ЖОО тарихты оқытудағы инновациялық әдістер
Пән коды:	ZhOOTOIA 5206
Кредит саны:	5/5
Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Перевезенцев А.Л.

Курстың оқыту мақсаты:	Курстың мақсаты – магистранттардың ЖОО тарихты оқытудағы инновациялық әдістері туралы білімдерін кеңейту.
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Курсты оқу барысында магистранттарға жоғары оқу орнында тарихты оқыту әдістемесінің ерекшелігі, оның заңнамалық негіздері, жоғары білім беру мекемелеріндегі тарихты оқытудың инновациялық әдістері, олардың кемшіліктері мен артықшылықтары, қолданылу ерекшеліктері, оқу процесін басқарудағы жаңашылдықтар, тарихты оқытуды цифрландыру туралы білімдер беріледі.
Пререквизиттері:	Тарихты оқыту әдістемесі, Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы, Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы
Постреквизиттері:	Жаңа және қазіргі заман тарихын оқытудағы жаңа әдістер мен көзқарастар, Әлем тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас, Отан тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):	А) ЖОО-да тарихты оқыту ерекшеліктерін, оның инновациялық әдістерін меңгерген; В) Оқу процесін басқаруда жаңашылдықтарды қолданады; С) Тарихты оқытуды цифрландыру туралы білімдерды меңгерген; D) Педагогикалық қызметтің қорытындысын диагностикалайды; Е) Болжау және түзету дағдыларын меңгерген.

Дублин дискрипторлары:	A) B) C) D) E)
Пәннің атауы:	Қазіргі заман тарихының өзекті мәселелері
Пән коды:	KZhTOM 5207
Кредит саны:	5/5
Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Купенова Г.Ы.
Курстың оқыту мақсаты:	Курстың мақсаты – магистранттарда қазіргі заман тарихының өзекті мәселелері, оның тарихнамасы мен деректері туралы білімдерін кеңейту.
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Пәнді оқу барысында магистранттар курстың теориялық мәселелері, қазіргі әлемнің саяси-экономикалық дамуының үрдістері, әлемдегі аймақтық интеграциялық процестер, ондағы қайшылықтар, жаңа соғыс ошақтары, олардың пайда болуының себептері, оған жетекші державалардың саяси ұстанымдары, жаңа ғасырда орын алып отырған қауіп-қатерлер туралы білімдерін тереңдетеді.
Пререквизиттері:	Ғылым тарихы мен философиясы, ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесі

Постреквизиттері:	Отан тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас, Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар.
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):	А) Қазіргі заман тарихының өзекті мәселелерін ажыратып, тарихи баға береді; В) Қазіргі әлемнің саяси-экономикалық дамуының үрдістері туралы білімдерді меңгерген; С) Ғылыми зерттеу жұмыстары барысында методологиялық көзқарастарды, принциптерді ажырата біледі; D) Тарихи деректермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін қолданады; Е) Түрлі тарихнамалық мектептердің тұжырымдамаларын сыни тұрғыда қабылдайды.

**Модуль 3.1 – Архив деректерімен жұмыс және әлем тарихының іргелі мәселелері
(30 академиялық кредит)**

Дублин дискрипторлары:	А) В) С) D) E)
Пәннің атауы:	АҚШ-тың посткеңестік кеңістіктегі қазіргі саясаты
Пән коды:	АРКС 5208
Кредит саны:	5/5
Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Кубышкин А.И.
Курстың оқыту мақсаты:	Магистранттарда қазіргі әлемдік тәртіп, посткеңестік мемлекеттердің АҚШ-пен қарым-қатынасының тарихы, АҚШ саясатының бұрынғы кеңестік республикаларға маңызы мен әсері, АҚШ-тың РФ, ҚХР-мен экономикалық және саяси қарсыласуының посткеңестік кеңістікке ықпалы туралы білімдерін кеңейту.
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Курста посткеңестік кеңістіктегі АҚШ-тың қазіргі саясатының негізгі аспектілері қарастырылады. АҚШ дипломатиясының мақсаттары мен әдістері, қоғамдық дипломатия институттарын пайдалану тетіктері, саяси және экономикалық мүдделерін алға жылжытуда «жұмсақ» және «қатал» күштердің үйлесуі зерттеледі. Орталық Азия мен Қазақстандағы АҚШ стратегиясына ерекше назар аударылады.
Пререквизиттері:	Ғылым тарихы мен философиясы, ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесі
Постреквизиттері:	Отан тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас, Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):	А) Қазіргі заманғы әлемдік тәртіпті бағалайды; посткеңестік кеңістікті дамытудағы оқиғаларды, әлеуметтік-

	экономикалық және саяси процестерді талдай алады; В) Ақпарат көздерімен жұмыс істей алады, осы тақырып бойынша әртүрлі авторлардың (отандық, ресейлік және шетелдік) жарияланымдарына талдау жүргізеді; С) АҚШ-тың сыртқы саясатының маңыздылығын бағалайды және оның бұрынғы кеңестік республикалардың дамуына әсерін түсінеді; D) Себеп-салдарлық байланыстарды шығара алады, оларды дербес тұжырымдай алады; өңір елдерінің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қазіргі халықаралық қатынастарды зерттеу проблемалары арасында параллельдер жүргізе алады; E) Дүниежүзілік тарихтың, этнодемографиялық және көші-қон процестерінің тарихи, экономикалық және құқықтық жағдайындағы даму логикасын талдайды.
--	---

**Модуль 3.2 – Архивтану және әлем тарихының өзекті мәселелері
(30 академиялық кредит)**

Дублин дискрипторлары:	A) B) C) D) E)
Пәннің атауы:	Жаһандану және қазіргі әлемдегі көші-қон үдерістері
Пән коды:	ZhKAKU 5208
Кредит саны:	5/5
Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Кубышкин А.И.
Курстың оқыту мақсаты:	Курстың мақсаты – магистранттарда жаһандану және қазіргі әлемдегі көші-қон үдерістері туралы білімдерін кеңейту.
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Курсты оқу барысында магистранттар жаһандану және қазіргі әлемдегі көші-қон үдерістерінің теориялық мәселелері, жаһандану және көші-қон үдерістеріндегі тенденциялар, қазіргі көші-қон үдерістерінің себептері, бағыттары, сипаты мен салдары туралы білімдерін тереңдетеді. Сондай-ақ, курсты оқу барысында жаһандану және қазіргі әлемдегі көші-қон үдерістерінің әлемдік экономика мен демографияға ықпалы талданады.
Пререквизиттері:	Ғылым тарихы мен философиясы, Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау
Постреквизиттері:	Отан тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас, Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар.
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):	A) Жаһандану және қазіргі әлемдегі көші-қон үдерістерінің теориялық мәселелерін меңгерген; B) Жаһандану және көші-қон

	үдерістеріндегі тенденциялар, қазіргі көші-қон үдерістерінің себептері туралы білімдерін қолданады; С) Жаһандану және қазіргі әлемдегі көші-қон үдерістерінің әлемдік экономика мен демографияға ықпалын талдайды; D) Ғылыми зерттеу жұмыстары барысында методологиялық көзқарастарды, принциптерді ажырата біледі; E) Тарихи деректермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін қолданады.
--	---

Кәсіптендіру пәндері

Модуль 2.1 – Тарихты оқыту әдістемесі және әлем тарихының іргелі мәселелері (20 академиялық кредит)

Дублин дискрипторлары:	A) B) C) D) E)
Пәннің атауы:	ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесі
Пән коды:	ZhTPOA 5301
Кредит саны:	5/5
Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Мәден А.Т.
Курстың оқыту мақсаты:	ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін, жоғары мектептегі сабақ түрлерін ұйымдастырудың ережелерін, дәріс, семинар және ОСӨЖ сабақтарын әдістемелік қамтамасыз ету жолдарын оқытып, түсіндіру.
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Курсты оқу барысында магистранттар ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесінің теориялық мәселелері, тарихи пәндерді оқытудың ерекшелігі, оқытуды жоспарлау мен таныстыру, жоғары білім беру мекемелеріндегі оқытудың қазіргі технологиялары, оларды қолдану жолдары, оқу процесін басқару, жоғары мектептегі бағалау ерекшеліктері мен критерилері, тарих және білім беруді цифрландыру туралы білімдерін тереңдетеді.
Пререквизиттері:	Бакалавриат деңгейіндегі курстар, Тарихты оқыту әдістемесі.
Постреквизиттері:	Жаңа және қазіргі заман тарихын оқытудағы жаңа әдістер мен көзқарастар, Әлем тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас, Отан тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас.
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):	A) Дүниежүзі және отан тарихының өзекті мәселелері, тарихи процестердің өзара сабақтастығын түсіндіреді. Қазіргі педагогикалық антропология саласындағы білімдерді, жоғары кәсіби педагогтардың тәжірибелерін зерттеу, жалпылау, тарату және қолдану икемділіктері мен дағдыларын қолдана алады; B) Жоғары мектептегі тарихи

	пәндерді оқыту әдістемесі, педагогикалық жобалау және тарихи білім беруде медиа-контентті қолдану саласының білімдерін пайдаланады; С) Оқу және тәрбие үдерісін ұйымдастырады, педагогикалық үдерісті жоспарлайды және басқарады, педагогикалық қызметтің қорытындысын диагностикалайды, болжау және түзету дағдыларын меңгерген; D) Басқарушылық және көшбасшылық қабілеттерді қалыптастырады: сыни ойлау, шығармашылық ұстаным, инновациялық көзқарастар жасақтау және кез-келген өмірлік жағдайда шешімдер қабылдау дағдыларын меңгерген; E) Шығармашылық қырын көрсете отырып, өзінің зияткерлік және жалпы мәдени деңгейін жетілдіреді және дамытады, жаңа идеяларды қалыптастырады, жаңа ахуалға бейімделеді, үнемі өз бетінше ізденеді.
--	--

Дублин дискрипторлары:	A) B) C) D) E)
Пәннің атауы:	Жаңа және қазіргі заман тарихын оқытудағы жаңа әдістер мен көзқарастар (ағылшын тілінде)
Пән коды:	ZhKZTOZhAK 5302
Кредит саны:	4/4
Курс:	1
Бағдарлама авторы:	Перевезенцев А.Л.
Курстың оқыту мақсаты:	Оқытудың мақсаты: жаңа және қазіргі заман тарихын оқытудағы жаңа әдістер мен тәсілдерді зерттеу, талдау және меңгеру
Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):	Курста магистранттарға жаңа және қазіргі заман тарихын оқытудың жаңа әдістері мен көзқарастары туралы жаңа білімдер, оқытудың жаңа технологиялары, олардың мазмұны, қолдану жолдарын меңгерту, жаңа және қазіргі заман тарихын кезеңдеу, бұл мәселеде өркениеттік көзқарасты қолдану, Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихын ұлттық тарих методологиясы тұрғысынан оқыту туралы білімдер беріледі.
Пререквизиттері:	Тарихи білімдегі педагогикалық жобалау, ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесі, Жоғары мектептің педагогикасы, Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жобалау.
Постреквизиттері:	Қазіргі заман тарихының өзекті мәселелері, Білім берудегі көшбасшылық, Отан тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас, Тарихи білім берудегі медиа-контент
Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік,	A) Магистрант креативті, инновациялық

